



№56 (9839)

16 шілде,

сенбі

2022 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жағалаш

Жаршысы



Үкімет

Қасым-Жомарт Тоқаев,
ҚР Президенті:

Үкімет ел экономикасының орнықты дамуын қамтамасыз етуі керек



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы бейнебайланыс режимінде өтті. Іс-шараға Премьер-министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшылығы, Үкімет мүшелері, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.

Мемлекет басшысы еліміздің күрделі геосаяси сын-қатерлерге қарамастан, бірқалыпты дамып келе жатқанын атап өтті. Биылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша экономика 3,4 пайызға, ал нақты сектор 4,1 пайызға өскен. Әсіресе, өңдеу өнеркәсібі саласында айтарлықтай ілгерілеу бар.

– Инфляция бір орында тұрған жоқ. Қазір бұл көрсеткіш 14,5 пайызға жетіп, 2015 жылғы деңгейден асып түсті. Бірінші жартыжылдықта экономикамыз қалпына келді. Бірақ халықаралық институттар Қазақстанның ішкі жалпы өнімі биыл 2 пайызға ғана өседі деп болжап отыр. Бұған дейін олар өсім 3,7 пайыз болатынын айтқан еді. Сондықтан Үкімет ел экономикасының орнықты дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Ең бастысы, азаматтардың нақты табысын арттыру қажет, – деді Президент.

Отырыс барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет мүшелері мен өңірлер әкімдерінің назарын халықты алаңдатқан бірқатар өзекті мәселені шешу қажеттігіне аударды. Президент инфляцияны және азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру, азаматтардың табысын арттыру және адами капиталды дамыту, ақша-несие және салықтық-бюджет саясатын жетілдіру, экономиканың нақты секторына қолдау көрсету, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, автожол инфрақұрылымын дамыту сияқты мәселелер бойынша нақты міндеттер жүктеді.

Мемлекет басшысы Премьер-министр Әлихан Смайыловтың және Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовтың баяндамаларын тыңдап, Үкімет жұмысының нәтижесіне орташа баға берді.

Президент министрлер мен әкімдерге, ведомстволар мен ұлттық компаниялардың басшыларына жұмыс қарқынын барынша күшейтіп, жаңа өдістер мен тың идеяларды пайдалану қажет екенін айтты. Сонымен қатар оларға еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар міндет жүктеді.

Жиын барысында Мемлекет басшысы Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановқа, Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевке, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешеевке сөгіс жариялады, сондай-ақ Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусинге ескерту жасады.

Қант саласы қалай дамиды?

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін ведомство бірқатар жүйелі және жедел шаралар қабылдайтынын жеткізді. Оның сөзінше, енді импортты алмастыру мәселесі кешенді түрде шешіледі. Сондай-ақ ол жыл соңына дейін агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша 295 млрд теңгеге 237 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарда барын айтады. Оның ішінде импортталатын позициялардың 6 түрі бойынша 128,5 млрд теңгеге 81 жоба іске асырылмақ. Ол үшін жобаларға жеңілдетілген несие беру, субсидиялау, жер ресурстары мен инфрақұрылымды дамыту жоспар есіріледі.

Оның айтуынша, елді қантпен қамтамасыз ету мақсатында жаңа суармалы жерлерді ұлғайту, су үнемдейтін технологияларды енгізу, тұқым шаруашылығын дамыту, сондай-ақ қант қызылшасын өңдейтін қолда бар қуаттарды техникалық және технологиялық қайта жарақтандыру сияқты іс-шаралардың орындалуын көздейтін қант саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспар әзірленеді.

– Ақ қант импортының және құрақ қант шикізатының өңдеу көлемі ұлғайтады. Мемлекет басшысының тапсырмасымен ішкі нарықтағы бағаларды тұрақтандыру мақсатында Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп, «айналым схемасы» шеңберінде, оның ішінде форвардтық келісімшарттар тегіні дамыту жөніндегі жұмысты жандандыру жолымен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландырудың басымдығы мәселесі пысықталады, – деді Ербол Қарашөкеев.

Отбасылық бизнес

Ерте көктемде күн жылт еткеннен аудандағы Жүсіповтер отбасында бос уақыт болмайды. Кент іргесінен егістік жерді жалға алып, олардың аудан халқын сапалы өнімімен қамтамасыз етіп отырғанына биыл он бірінші жыл. Масылдық көзқарастан ада Жүсіповтер отбасының жасап жатқан кәсібі көпке үлгі.

Иә, ебін тапқан адал еңбектің дәмін татады. Отбасылық кәсіпті дамытқан Нұржан Жүсіповтың егіс алқабында болған бір күнде осындай ой түйдік. Нүрекең басында үй ауласынан шағын жылыжай ашты, шағын деген аты ғана, дәл осы жылыжай арқылы өңір халқын көкөніс көшеттерімен қамтамасыз етіп, тіпті кент орталығында жайқалып тұрған гүлдерді де осы Нүрекеңнің отбасы көктетті. Қазір осыдан 11 жыл бұрын қолға алған кәсібін жыл сайын жандандыруды дәстүрге айналдырған.

Отбасының тірегі Нұржан Жүсіповтың кәсібінің қанат жаюында аяулы жары Роза Маханбетованың да өзіндік қолтаңбасы бар. Ата-ана бас болып, балаларының қоштауының арқасында бүгінде олар ұзақ жылдардан бері кәсібінің нәсібін көріп келеді.

Осыдан 15 жылға жуық уақыт бұрын құрылған кәсіпорын жалағаштықтарға жат емес. «Жуусупов Н» кәсіпорны десе, көз алдымызға бірінші дәмі тіліңді үйретін көкөніс және бақша дақылдары келеді. Әсіресе аудан орталығындағы базар алдында сатылатын асылған жүгерісін халық талапсыз алады. Олар ешқандай импортқа немесе шикізатқа тәуелді емес, барлығын өздері өсіреді және оны өңдеп нарыққа шығарады. Осындай іскер азаматтарға қолдау көрсеткен дұрыс деп ойлаймыз.

Бұл отбасы биыл тағы да Дәуімбай елді мекенінен 10 гектар жерді жалға алып, оны үлкен егіс алқабына айналдырған. Мұнда тұрмысқа қажетті бақша және көкөніс өнімдерінің барлығы бар. Ерте көктемде егілген дақылдардың алдын сатылымға шығарып жатыр.

– Үй ауласынан басында жылыжай аштық, онда егілген өнімдер көшетімен аудан халқын қамтамасыз еттік. Қазір үлкен алқапта бақша дақылдарын баптап жатқанымызға да бірнеше жыл болды. Шығымы



Бақша баптаған бағбандар

жаман емес, қазір осында жаздай бапталған өнімдердің алды нарыққа шықты. Бүгінде жүгері мен қызанақты сатып жатырмыз. Түске дейін өзім базар маңында бау-бақша дақылдарын сатамын, алып барған өнімдіміз түске дейін өтіп кетеді. Түстен кейін бір мезгіл егіс алқабына барып, олардың күтіміне жұмыс жасаймыз. Еткен еңбек, төккен тердің нәтижесі бар, соған шүкір. Қазір жасап жатқан жұмысымыздың жемісін көріп жатырмыз. Өзіміз бастадық, балаларымыз қолғабыс етті. Келер жылы басқа да жоспарларымыз бар, оны алдағы уақыттың өңісіне қалдырайық, – дейді Роза Маханбетова.

Биыл Жүсіповтер отбасы алқапқа 1 тонна картоп егіпті. Барлығы тегіс алып тұр. Енді алдағы бір жеті-он күнде оны да нарыққа шығаруға талап қылып отыр.

Онан бөлек бақшада қауын-қарбыз, қызылша, пияз, қияр өнімдері бар. Мұнда жүгерінің екі сұрпы егілген, ал қалғаны бұрыны жергілікті өнімдердің сұрпы.

Қазір аяқ су мәселесі бірқатар шаруаның шатқаяқтауына әсер етуде. Тіпті себілгеннен суда ұстайтын Сыр салысын былай қойғанда бақша өнімдеріне де аяқ су жеткізу мұң болып тұр. Десе де кез келген тығырықтан шығар амал болады. Бірақ ол үшін ізденіс керек. Мәселен, Нүрекең мұндағы өнімдерді тамшылату әдісімен қоректендіреді. Ал алқапты арампөштен арылтуға тұтас бір отбасы жауапты.

Мұнда қазіргі таңда 1 гектар қияр енді екі құлақтап келеді. Өнімінің бұл түрін кеш егудің де өзіндік себебі бар. Қазір мұнда құлақтап жатқан қияр күздің ортасында піседі. Яғни үйдегі апа-жеңелердің қыс-

тың қамымен салат әзірлейтін уақытпен тұспа-тұс келеді. Ол уақытта өнімнің бұл түріне сұраныстың жоғары болатынын Роза Маханбетова жақсы біледі. Бірнеше жылдан бері дәл осы мүмкіндікті құр жібермейтіні де сондықтан.

Кентті былай қойғанда ауылда не көп, бос жатқан жер көп. Тіпті сырттан жер ашып, үлкен алқапқа бақша салу былай тұрсын, үй ауласындағы дайын тұрған жерге дән тастауға құлықсыздар қаншама?! Жатып алып «бақша дақылдарының бағасы аспандап тұр» дейтінімізді қайтерсіз. Әр жануя Жүсіповтер отбасы секілді кәсіп түрін жандандырмаса да, ауласынан ала жаздай баптап қыстық азығын қамдап алуына болады ғой. Бүгінгі Дәуімбайдағы бақшадан қайтарда түйген ойымыз осы болды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Ауыл тынысы

Жүгі нарда, қазаны төңде болып, көшпелі ғұмыр кешкен халқымыздың ертеден-ақ ежелгі мекені ауыл болғаны анық. Яғни ауыл еліміздің ұйытқысы дегуе әбден болады. Сол себепті елімізде соңғы жылдары ауылдарды дамытуға ерекше көңіл бөліне бастағаны әсіресе ауыл халқына аян. Бұл – құптарлық жайт. Өйткені ауыл өркендемей, ел өркендемейді. Осыны жақсы түсініп, жаз келсе жасы да, кәрісі де еңбекке араласып, тынымсыз тірлігіне кіріскен Мақпалкөл ауылының тұрғындары осы жылдың өнісінен ауқымды істерден дәмелі. Өйткені елді мекенде ауқымды жобалар жұмысын бастамақ, нақтырақ айтсақ, ауыл инфрақұрылымы толықтай жаңартылмақ. Бұл туралы сейсенбіде өткен халықпен кездесуде ауыл әкімі Бауыржан Өмірзақұлы баяндаған болатын.



Түтіні түзу, тірлігі тиянақты

мақ. Нақтылап айтсақ, “Өңірлерді дамыту – 2025” бағдарлама шеңберінде А.Қожахметұлы көшесін жарықтандыруға қаржы қаралып, жобалау-сметасын қайта түзету, сараптамадан өткізу жұмыстары жүріп жатыр. Егін шаруашылығына тоқталған өкім, сала бойынша статистикалық мәліметтерге тоқталып өтті. Сандарға көз жүгіртсек, ауылдық округ бойынша жалпы егіс көлемі 3545 гектар болса, оның ішінде 1759 гектар күріш, 48 гектар бидай, 40 гектар мақсары, 499 гектар жаңа жоңышқа, 40 гектар ескі жоңышқа егілген.

Сонымен бірге ауылда кәсіпкерлік өрісі кеңейіп, жыл арқан сайын қолдан келетін іспен айналысушылар мен жеке кәсіпін ашқысы келетіндер қатары артыпты. Атап айтсақ, округ бойынша 75 кәсіпкерлік субъектісі аудандық кірістер басқармасына тіркелген. Жыл басынан бері 1 азамат өз кәсібін ашу мақсатында несие алса, 2 азамат несие алуға құжаттарын өткізген. Сондай-ақ кәсіп ашуға грант аламын деушілер қатары да көп көрінеді. Құжаттарын жинап, ұсыныстарын жібе-

ріп те қойыпты. Ұсыныстары мақұлданып, грант бөлініп жатса, елді мекенде наубайхана, кірпіш құятын және деретхана қағазын шығаратын цех өз жұмысын бастамақ. Сондай-ақ ауылдық округте пошта бөлімшесі, ветеринариялық пункт, полиция тірек пункті, мешіт және дәрігерлік емхана халыққа тұрақты қызмет көрсетеді.

Бауыржан Тұңғышбаев баяндамасынан кейін елді мекеннің учаскелік полиция инспекторы сөз алды. Жалпы ауылда өрескел құқық бұзушылық фактілері орын алмаған, түтіні түзу ауыл тұрғындарының тәртібі де түзу екен. Оған дәлел соңғы ай бойынша полиция тарапынан ешқандай хаттама толтырылмаған. Кездесудің тағы бір ерекшелігі ауыл тұрғындарынан бөлек, көтерілетін мәселелерге қатысты салалардың бөлім басшылары да шақырту алған.

Ауыл инфрақұрылымы, құрылыс саласы бойынша халық сұрақтарына жауап беру үшін Жағалаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысы Қайрат Жаппасбаев сөз алды. Бөлім басшысының айтуынша,

ауыл электр желісінің бағаналарын қайта жаңарту бойынша бұрын жұмыстар бастаған, бірақ белгілі бір себептермен уақыт өтіп кету салдарынан бұл жоба қолдау таппаған. Бірақ қазіргі таңда облыс орталығынан жобалаушы мекемелерді тауып, күні бүгін Есет батыр мен Мақпалкөл ауылын “топосемкаға” түсіруді бастайды екен. Содан соң толықтай жобалау-сметалық жұмыстар жасалып, астанаға сараптамаға жібереді. Ол құжатта барлық КТП-ны, электр сымдарын және бағаналарды толықтай жаңарту көзделген. Бір сөзбен айтқанда, мақпалкөлдiктердi ауқымды құрылыс жұмыстары күтіп тұр.

Жалпы ауылдағы перспективті бас-тамалар мен тындырымды жұмыстар қатары көз қуантады. Ендігі жұмыс жоспарланған істердің уақытында жүзеге асып, ел игілігіне берілуі. Өріне бұл тұста ауыл әкімінің іскерлігімен қоса, ауыл халқының бірлігі де сыналмақ. Кездесуден байқалғаны тірлігі тиянақты елді мекен жұртшылығының тілегі бір екені, яғни ауылдың одан әрі гүлдене түсуі.

Жандос ЖАЗКЕН

Мәдениет ауылы әкімінің еңбек демалысында болуына байланысты апта басында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 жарлығына сәйкес ауыл тұрғындарымен кездесуді ауылдық округ әкімінің уақытша міндетін атқарушы Н.Қостанбаев өткізді. Жиын барысында ауыл бойынша ІІ тоқсанда атқарылған жұмыстар сараланып, талқыланды. Кездесуден түйгеніміз, елді мекенде жүйелі жұмыс бар, бірақ атқарылар іс те әлі көп. Тарқатып көрелік...

Ауданға қарасты ауылдардың ішіндегі еңсесі биік, тіректі ауылдардың бірі осы – Мәдениет. 400-ге жуық отбасы бар ауылдағы экономикалық белсенді халық саны – 933, оның ішінде жалпы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 261, зейнеткерлер – 254, ал мүмкіндігі шектеулі жандар – 57. Ауыл әкімінің міндетін атқарушы Н.Қостанбаевтың сөзіне сүйенсек, есепті мерзімде ауылдағы 15 отбасы 1 млн 636 мың теңге атаулы әлеуметтік көмекке қол жеткізген.

– Өздеріңізге белгілі, Мәдениет ауылы – тынымсыз тірлік жасалып жатқан елді мекендердің бірі. Әсіресе ауылды көркейту, дамыту жолында жыл сайын жүйелі жұмыстар атқарылуда. Ал әлеуметтік әлеуетін көтеру мақсатындағы жұмыстардың бірі кәсіпкерлерге қолдау көрсету екені белгілі. Кәсіп ашып, оны дамытамын деушілерге қашанда көмек қолын созу, қайтарымыз грантқа ие болуға және төмен пайызбен несие алу жұмыстарына да жәрдем беруді күн тәртібіне қойып келеміз. Мәселен осы жылы бір ауыл тұрғыны «Микробизнес Қызылорда» бағдарламасы арқылы жылқы өсіру бағытында 4 млн теңге көлемінде несие алды. Бұл тұрғын бүгінгі күні кәсібін жүргізуде жүйелі жұмыс жасауда. Ал 2 ауыл тұрғыны мал өсіру бағытында несие алуға кезек күтуде.

«Туған жерге тағзым» акциясы аясында 1972 жылы бітірген түлектер мектеп бітіргендеріне 50 жыл толуына орай ауылдағы Қалдан батыр көшесі бойынан 10 сотық жерге қоршау жұмыстарын жүргізіп, саябақ ашу мақсатында тал көшеттерін отырғызған болатын. Бұл

игі іске мұрындық болған аға буынның тартуын ауылдың көркейіп-көгалдануы жолындағы үлгі қыларлық еңеге деп білеміз. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» дейтін текті халықтың ұрпағымыз ғой, ауыл орталығынан дайындалған аталған саябақ алдағы уақытта жасыл-желекке оранып, елді мекеннің келбетін көркейтеді деп сенеміз, – деді ауыл әкімінің міндетін атқарушы.

Әрине тұрғындармен кездесу болған соң, мәселенің айтылмауы мүмкін емес. Ауыл халқы көкейлерінде жүрген бірнеше мәселенің шетін шығарып, шешілу жолын сұрады. Мәселелердің дені көшеге жөндеу жұмыстарын жүргізу, жарықтандыру жұмыстары мен ауыз судың тапшылығы төңірегінде әбүді. Әсіресе көй көшелерге жарықтың өте қажет екенін айтқан тұрғындар балалары үшін алаңдайтынын жасырмады. Алда оқу маусымы келе жатқандықтан кешкісін мектептен қайтатын жасөспірімдер тастай қараңғы көшелермен жүретін болса, ата-аналардың уайымы күшейетіні айтпаса да белгілі. Ал ауыз су мәселесі бұл ауылда басқа елді мекендер секілді тәулік бойы берілмейтінін білдік. Күніне сегіз сағат қана ауыз су іске қосылатындықтан, кейде бұның өзі ауылдағы ағайынға жетпей жатады екен. Мәселенің мәнісіне үңілген Н.Қостанбаев болса, аталған кемшіліктер әкімшілік назарында екенін айтып, көп ұзамай оң шешімді табатынына сендірді. Оның айтуынша, бұдан бөлек ауылдағы Тайшиев көшесін қоршау жұмыстарына 520 000 теңге қаралып отыр. Бұл жұмыстар осы айдың аяғы мен тамыз айында жүргі-



Ауылда атқарылар іс көп

зіледі деп күтілуде. Қалдан батыр көшесінен №32 мектепке дейінгі жолға жазу жүргізушілер жолын жасауға аудандық бюджеттен қаржы қарау жөнінде ұсыныстар жасалған. Сондай-ақ «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы Жамбыл көшесіне жарықтандыру жұмыстарын жүргізуге аудандық бюджеттен қаржы көздері қарастырылып, жоба-сметалық құжаттары әзірленуде.

Кездесуде алдағы атқарылатын жұмыстардан хабардар еткен Н.Қостанбаев орталық көшелерді аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында да «Қорқытбай» каналы бойынан су тартатын насос алуға аудандық бюджеттен қаржы көздері сұратылып, бюджеттік өтінім берілгенін атап өтті.

Осыдан бірнеше жыл бұрын бірер жаңа ғимарат пайдалануға берілген Мәдениет ауылының бүгінгі жағдайы осындай. Кезіндегі ауыл орталығынан 90 орындық балабақша, 150 орындық клуб және спорт көшені бой көтеріп, көпшілікті бір қуанып тастаған еді. Жас бүлдіршіндер балалық бал дәуреннің

қызығын көріп-біліп, тәні мен жаны сау, өз елінің лайықты азаматы болып өсуі тиіс. Осы мақсат үшін бүлдіршіндерге ерекше көңіл бөлініп, ауыл орталығынан ашылған жаңа балабақша бүгінде халыққа қызмет көрсетіп тұр. Тіректі ауылда бой көтерген келесі жаңа нысан 150 орындық клуб болды. Елдегі мәдениет саласын дамытуға қажетті жағдайлардың барлығы жасалып отырғаны белгілі. Осының негізінде жаңа ауылдық клуб ғимараты бой көтеріп, елді мекен мәдениетін әрі қарай дамытуға серпін берді.

Мәдениеттегі ауыл жастарына үлкен қуаныш сыйлаған спорт көшені де ауылдың ажарын келістіріп тұр деуге болады. Заман талабына сай жабдықталған спорт көшенінде уақыт өткізуге толықтай мүмкіндік жасалған. Онда бокс және күрес үйірмелері жұмыс жасайды. Сонымен бірге ауыл тұрғындарын бұқаралық спортқа тарту жұмыстары қолға алыныпты.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Отбасылық бизнес

Түрлі дертке дауа тапқан

Жалағашта Қожахметовтер отбасының медицина саласында отбасылық кәсіпті дамытып, елдің ықыласына бөленіп жүргеніне де бірнеше жыл болды. Отбасының тірегі Манарбек Қожахметовтың кәсіптің бұл түрін қалай бастағаны жөнінде әңгімесіне зер салсақ, өз алдына бір тарих. Іс бастау жолында талай кедергіге мойымаған бұл отбасы бүгінде кәсібінің нәсібін көріп отыр.



Бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматтың жасап жатқан жұмысы көпке үлгі. Өзінің массаж арқылы түрлі дерттің алдын алуға болатын қабілетін сезген ол бастапқыда үй-үйді аралап, халыққа қалтқысыз қызмет көрсетті. Кейін елордаға барып, қытайлық профессор Чан Сиян Юден 3 ай дәріс алып, адам бойындағы басқа да түрлі дертті жоюдың тәсілін жетік меңгерді. 2016 жылы «Салта» кәсіпорнын ашып, жалағаштықтарға үздіксіз қызмет көрсетеді.

Түрлі дертке дауа тапқан іскер азамат бастапқыда кент орталығынан ғимаратты жалға алады. Сол жерде 3 жылдай жұмыс жасаған Манарбек Қожахметов пен аяулы жары Салтанат Есенбаеваға түрлі дертпен келгендердің қатары көбейді. Алайда бұл нысанды қыс мезгілінде жылыту оларға қиынға соғыпты. Мәкеннің үш жыл бұрын аудан орталығындағы көпқабатты үйлердің бірін жалға алуы да сондықтан.

Біз барғанда Манарбек ағамыз жасқа толмаған балаға массаж жасап жатыр екен. Сөзінше, бұл баланың ұршығы жетілмеген. Ал баланың бойында бұл дерт қалып қойса, өскенде қиын болатын көрінеді.

– Маған ата-аналар көбіне балаларын алып келіп жатады. Байкайтыным, олардың бойынан дисплазия ауруы жиі табылып жатады. Яғни ұршықтың дұрыс жетілмеуі. Оның үстіне қазіргі ата-аналар да, әжелер де балажан ғой. Оларды суға шомылдырғанда аяқ-қолын созуға жүрексінеді. Бірақ оларға да кіне артуға болмайды. Себебі қазір дүниеге келген балалардың көбісінің шеміршегі әлсіз. Оны тек массаж арқылы қалпына келтіруге болады. 6 жыл бұрын бастаған кәсібімнің жемісін көріп жатырмыз. Бірақ мен үшін бастысы – халықтың алғысы. Жұмысымның жүріне оның да өзіндік себебі бар деп ойлаймын. Елордада оқуда жүргенде көбісін практикада меңгердім. Теория тек қай ауруға қалай массаж жасалады, сол айтылады. Практикада жиган тәжірибемнің көп пайдасы тиді, – дейді Манарбек Қожахметов.


Отбасылық бизнестің аяққа тұруы бастапқыда қиын болыпты. Бұл тұста Салтанат Есенбаеваның үлкен көмегі тиген. Ол аудан орталығында жарнама ұнпарақтар арқылы түрлі дерттің алдын алуға жұмыс жасайтындарын жалағаштықтарға жеткізген Хабарласқан тұрғындардың үйіне барып ем-дом жасалты.

Мәкең кейін кәсібінің көкжиегін кеңейту үшін мемлекеттен 1 млн теңге қайтарымысыз қаражат алған. Бұл абзал жанның әрі қарай да жұмысының ширауына айтарлықтай қолғабыс болыпты. Келушілер қатарында кейін инсульт алғандар да табылған. Ал оларды аяққа тұрғызу үшін қажетті аппараттар қажет. Осы ретте Манарбек Қожахметов мемлекеттен тағы да 2 млн теңге қаржылай қолдау тапқан.

– Иә, келушілер қатарында инсульт алғандар да болды. Ондайлар әлі де көледі. Кейбірі аяққа тұрып жатыр, алғыстан басқа айтары жоқ. Оларда мынадай түсінік бар, аяқ-қолдан жан кетті деген. Алайда мүлде олай емес, аяқ-қолда жан болады. Тек оның қимылын жүзеге асыру үшін ми жұмыс жасау керек. Біз массаж арқылы осыны қамтамасыз етеміз, – дейді ол.

Қожахметовтер отбасы қазіргі таңда кент іргесіндегі Ақсу ауылына алып баратын жолдың бойында үлкен ғимараттың құрылысын бастап кетті. Құрылысы аяқталған бойда кәсібін сонда көшірмек. Бір жағынан оның көкжиегін кеңейту де жоспарда бар. Іскер азамат мемлекеттен екі рет қолдау тапты. Бұл – тек кәсіпкерге жасалған қолдау емес, бір жағынан халықтың табысын арттыруға қосылған тамшыдай болса да үлес. Мәкең тағы да мемлекет тарапынан қаржылай қолдау болса, басқа да жобаларын жүзеге асыруға ниет етіп отыр.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Оң өзгерістер ауыл әлеуетін арттырады

Президент Жарлығына сәйкес өткізіліп жатқан кездесу әдеттегідей Мырзабай ахун ауылында да жалғасын тапты. Апта басындағы ауылдарға сапарымызды жалғастырып, тіректі ауыл Мәдениетпен іргелес жатқан Мырзабай ахун ауылына бет алдық. Жұмыс күні басталысымен аталған ауылға жұмыс сапарымен атбасын бұрған біздер ауылдағы ілкімді істердің барына куә болдық. Ең бастысы бірлігі жарасқан, берекелі тұрмысы көпке үлгі боларлықтай мырзабайлық ағайынның ауызбіршілігіне қызыға қарадық. Киелі мекеннің қазіргі әкімі Әліби Байнахатов та жыл бойы атқарған шаруаларының түйінін тарқата кетті.

– Осы ауылдың тыныс-тіршілігімен бала кезімнен таныспын. Сондықтан бұл ауылға өкім болып сайланған маған ауыл тұрғындарымен тығыз байланыс орнату аса қиындық әкелген жоқ. Ел

болған соң мәселе туындамауы мүмкін емес. Қордаланған мәселелер жетерлік. Бірақ елдің егесі атанған соң, артылған жүкті жауапкершілікпен арқалап, түйінді істердің шешімін табу менің міндетім

Бекем бірлік берекелі тірлікке бастайды

Сәрсенбіде ауыл әкімдерінің елді мекен халқымен кездесуі кент орталығынан шалғай жатқан Жаңадария ауылында жалғасты. Елді мекенде ауыз толтырып айтатын атқарылған жұмыстар аз емес. Олай жазуымыздың себебі осыдан бір апта бұрын ауыл тынысынан хабардар болу мақсатында ат ізін салып, біраз жаңалықтан құлағдар болып қайтқанбыз. Атап айтсақ, ұлы ақынның атындағы орталық көшеге асфальт төселіп, ауыл тұрғындарының жүріп-тұруын біраз жеңілдеткен. Жалпы ұзындығы 1237 шақырымды құрайтын бұл жолдың орташа жөндеуіне өңір тайқазанынан 40 млн теңгеге жуық қаражат қаралған. Бас мердігер «Қызылорда Жолдары» ЖШС төсеген асфальттың сапасы жоғары. Бір қызығы, бұл – ауылда 58 жылдан бері асфальт төселген бірінші көше. Яғни 1964 жылдан бері Жаңадарияның жолдары жөндеу көрмеген.

– Негізі ауылдың тірлігі бекем, берекелі. Өзім осы ауылдың тумасы болғандықтан жаңадариялықтардың қаншалықты еңбеккер екенін жақсы білемін. Осы жылдың басынан бері бірнеше азамат қоғамдық жұмысқа тартылып, ауыл халқының белсенділігін арттыруда, жұмыссыздар қатарын азайтуда біршама шаруалар атқарылды. Жергілікті халықтың тыныс-тіршілігі негізінен мал және егін шаруашылығына тәуелді. Ауыл шаруашылығының қос саласында қалыптасқан серпін елді мекеннің еңсесін тіктеуге айтарлықтай қолғабыс болған. Жаңадарияда қазіргі таңда 50 кәсіпорын жұмыс жасап тұр. Олардың ішінде пластик терезе шығаратын шағын цех, тігін шеберханасы секілді өндіріс орындары да бар. Жалпы жергілікті халық бұрынғыдай емес, кәсіпте береке бар екенін жақсы түсіген. Жуырда ауыл тұрғындарының бірі 10 млн теңгеден астам мемлекеттік бағдарламамен несие алып, мал шаруашылығы бағытында өз ісін бастады. Басқа да түрлі жобалар әзірлеп жатқан тұрғындар көп. Сондай-ақ ауыл халқының әлеуметін жақсартуда кәсіпкерлікке бет-

бұрамын деушілерге қолдау көрсетіліп, мемлекеттік бағдарламалардың тиімді тетіктері ұсынылуда. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таба бермек. Бастысы атқарылар шаруа көп, жоспар бар, мақсатымыз айқын. Ауыл тұрғындарымен бірлесіп, әлі талай жарқын жобалар мен игі істерді қолға аламыз деп ойлаймын, – дейді ауыл әкімі Асхат Мәжитұлы.

Елді мекен әкімі бұл жолы баяндамасын қысқа да нұсқа қайырды, бұрынғыдай шұбатылған күмәнді статистика жоқ. Оның орнына тұрғындармен әңгімелесу форматында, сұрақ-жауап ретінде өтті. Мұның өзі шалғайдағы ауылдық құрғақ сөзден арылып, шынайы іске бет бұрғандығының дәлелі деп түйдік.

Жалпы жас өкім келгелі ауылдың екінші тынысы ашылған. Бұған дейін астына ештеңе төселмеген ойын алаңына қазір жасыл төсеніш жайылған. Барлық көшеге 100 пайыз жарық бағаналар орнатылған, ауыз су жүйесіне 2019 жылы күрделі жөндеу жүріпті. Қазір мұнда жергілікті халықты тәулік бойы сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде мәселе

жоқ. Электр бағаналары да 100 пайыз жаңарып, тоқ тарататын арнайы аппараттары толықтай ауысқан. Алдағы жылдың да еңісінде бірқатар атқарылар шаруа жоқ емес. Мәселен, Жаңадария, Достық және Қ.Сәтбаев көшелерінің жөндеу жұмыстарына қатысты құжаттар да әзір екен. Жобаның жалпы құны 25 млн теңгеді құрайды. Бұл жобалар аудан басшылығы тарапынан қолдау да тапқан. Әкім сөзіне ден қойсақ, халықтың талап-тілегі орындалатын күннің де ауылы алыс емес.

Жаңадариялықтардың басқа көрші ауылдар секілді үлкен күрші алқаптары болмаса да, нарыққа әуел бастан бейімделіп, бақша дақылдарын баптауға машықтанған. Бұл ауылда ала жаздай күтіп-бапталған қауын-қарбыз, өміре, әңгелек, асқабақ, картоп сынды бақша өнімдеріне облыстың барлық өңірінен сұраныс жоғары. Ал бұл бағытта кәсіп одан әрі жандану үшін ауылда аяқ су мәселесінің алдын алу міндеті тұр. Жуырда ол да шешімін толықтай тауып қалады. Себебі қырдағы алқапты аяқ сумен қамтамасыз етуге толық қауһарлы

«Іңкәрдария» каналы қайта қазылады. Ұзындығы 7,9 шақырымды құрайтын бұл каналды қазу жұмыстарына қыруар қаражат қаралып қойған.

Асхат Есқалиев қазір жергілікті халық санында өсім барын мақтанышпен жеткізді. Бұрын әр жыл сайын ауылдан 4-5 отбасы облыс, аудан орталығына қоныс аударса, қазір керісінше мал бағамын, егін егемін деген мақсатта көшіп келушілер көп екен. Өйткені ауылда инфрақұрылым дамыған кәсіп ашамын, еңбек етемін дегендерге барлық жағдай қарастырылған. Сондай-ақ бүгін ауыл әкімі Жаңадария мен Аламекекті жалғайтын жолдың құрылысы да басталатынын жеткізді. Осындай жағымды жаңалықты естіген жаңадариялықтардың қуанышында шек болмады десек, артық айтпаймыз. Әрине халық болғасын қиындықтын да, мәселенің де болатыны белгілі, бірақ ауыл тұрғындарының бірлігі бекем, тірлігі тиянақты, ең бастысы болашақтан үміті мол.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

АҚЫННЫҢ АСЫЛ АНАСЫ

Оқырман қауымға Махмұтбай Әміреұлын таныстырып жатудың өзі артық. Есімі туған жері Сыр өлінен асып, елімізге жайылған ақиық ақынның жырларын білмейтін көзіқарақты жан кемде-кем.

– Махмұтбай – Сыр бойында мәуе бақ,
Ақын болып туған бала әуелі-ақ.
Мәңгілікке бастап оны әкетті,
Асыл жырын Мұхаметжанның әні орап, – деп қазақтың аяулы ақыны Тұманбай Молдағалиев жырлағандай, қазақ елі қабырғалы қаламгердің атына да, затына да қауық.

Алты Алаштың анасы атанған Қызылорданың «Дарияның жағасында бір қала бар, Айналған Сыр өлінің мақтанына» деген екі-ақ жол жырымен әлемге танытып, өңірдің әнұранындай болып кеткен дара туындының сөзін жазған ақынның біздің де өмірімізде алар орны ерекше.

Қоғам қайраткері бірімізге тұңғыш редакторымыз болуымен қымбат болса, екіншімізге бір көргеннен жатыспай, жақын тартып, өзінің қолтаңбасымен жыр кітабын ұсынған алғашқы ақын ретінде ыстық. Кезінде, 11 сыныпты аяқтаған жылы мемлекеттік грантқа иілігі алмай қалғанда, ақын аға үлкен қолдау білдірген еді. Сонда мектеп қабырғасында жүргенде шимай-шатпақтарымыз жиі шығып тұратын «Бал-дәурен», «Жоғары сынып», «Сыр мектебі» газеттері арқылы ғана жақсы таныс, бұрын-соңды бетпе-бет көрмеген қаламгерден жұмыс сұрай барғанымызда, оқушылық өмірімен енді қоштасқан бозбалаға сенім артып, қамқорлық танытқаны туралы «Әкем-дей қамқор болған» атты мақаламызда жан-жақты жазған болатынымыз.

Ал бүгінгі айтамыз басқа. Дәлірек айтқанда ақын ағаның «Асыл ана» атты поэмасы хақында. Бұл туындыға арнайылап тоқталуымыздың өзіндік заңдылығы бар. Себебі, Махмұтбай Әміреұлының аяулы анасы Балағұл Қосшыбайқызына арнап жазған дастаны – ақынның шығармаларының ішіндегі шоқтығы биігі ғана емес, тұтас бір дәуірдің жүгін арқаалаған туынды болуымен де құнды.

– Жан ана, асыл ана, аяулы ана,
Жүзінді ұмытайын қалай ғана?
Сақталып қалған сенің нұрлы бейн.

Мәңгіге жүрегімде, санамда да, – деп басталатын поэма оқырманын бей-жай қалдырмайды. «Ана» деген қасиетті ұғымның тереңіне бойлатып, тұңғығына жетелейді. Өрине, адамзат баласы үшін анадан асқан аяулы жан жоқ. Аналық құдірет пен махаббатқа дүниедегі бар байлықтың тең келмесі тағы белгілі. Перзент үшін ананың ақ сүтін ақтау – қасиетті парыз. Сондықтан да ақынның дастандағы:

– Арманым – ақ сүтінді ақтадым ба,
Ақ ниет, ақ жолынды сақтадым ба?
Жанымда жүрсін әлі желеп, жебеп,
Жан анам сәл қысылған шақта-рымда, – деген жолдары шығарманың көркемдік қуатын арттыра түседі. Ақынның өзі бүгінде сексеннің үзегісіне аяқ тартса да, анасының алдында мәңгілік бала екенін «жанымда жүрсін әлі желеп, жебеп» деген бір ғана жолмен ерекше жеткізеді. Осы жолдарды оқыған адам тебіреніп қана қоймай, бір сөт ана алдындағы перзенттік парызы жайлы ойға шоматыны сөзсіз.

Ақынның анасы Балағұл Қосшыбайқызы – Сырдың сұңғыла ақыны, дауылпаз шайыр Тұрмағамбет Ізтілеуұлының жақын туысы. Сыр сүлейінің көзін көріп, жанында жүріп жырын жатпа екен, батасын алған жан. Ақынның поэмада осы жайтқа айрықша тоқталуы – шығарманың фабуласына өзгеше мазмұн береді. «Назым сөздің хас шебері атанған» Тұрмағамбет ақынның қиын тағдырын анасының аузымен айтқызуы – өте әсерлі шешім. Ақын осы жолдар арқылы анасының туған жері мен өскен ортасынан, жастық шағынан сыр шертеді:

– «Білмеймің Түрекемді кем етті кім,
Көп жайды ашып айту керек бүгін.
Жарықтық жанынан еш қалдырмайтын,
Ұнаған шығар, бәлкім, зеректігім.

Халқының асылы еді бір қалаулы,
Көп көрді қиянатты, шығраланды.
Ақынға жазықсыздан жала жауып,
Алтындай жырлары да бұрмаланды.

... Көтерді соның бірақ бәрін ақын...»,

Деп анам кейде үнсіз қамығатын.
Мұндайда бізге әркез секілді еді,
Жас шағың өскен жерін сағынатын...
«Атақты ақын аға өлеңі» деп жампоз шайырдың жыр-дастандарын балаларына жаттатып өсірген анасының көпбеті поэманың адамзат баласының басына қара бүлт үйірген Ұлы Отан соғысы бейнеленген жолдарда да ерекше көрініс табады.

Жарының жоғын білдірмей, ауыр бейнет көрген, сан азапта шыдаған, солай бола тұра балаларына еш кемдік көрсетпеген ана бейнесі – тек

поэмадың авторына ғана емес, «соғыс балалары» деген атауға ие болған бүтін бір ұрпақтың аналарына тән образ. Міне, дастанның ерекшелігі де осында. Ақын өзінің анасы арқылы дүниені дүр сілкіндірген, адамзат баласына орны толмас қайғы-қасірет әкелген ауыр жылдардағы қазақ анасының келбетін бейнелейді. Сұм соғыстың талай шаңыраққа салған жазылмайтын жарасын жүрегіңе жеткізе жырлайды:

– Соғыстан соққан дүлей қара дауыл,

Қаралы ел, қаралы жұрт, қаралы ауыл

Айырылған талай асыл азаматтан,
Жүрекке түскен зіл мен жара да ауыр, – дейді «соғыстың өршіп жанған өртіне жөргегінде шарпылған», яғни, сегіз айлығында әкесі соғысқа аттанып, майдан даласынан қайтып оралмаған жаралы ақын жүрегі.

– Көп жайды аңғардым ба, аңғармадым,

Соғыстан соңғы қиын жайлар мәлім.

Біз үшін анам күн-түн еңбек етті,
Кездерін көргенім жоқ алған дамыл, – деген жолдардан сұрапыл соғыс жылдарындағы тұтас бір ауылдың қиындығын ер азаматтарша қос иығымен қаймықпай көтерген қайсар аналар келбеті көз алдына еріксіз елестейді.

Иә, ақын поэмада жырлағандай, ұл-қыздарын қолдарынан жетелей жүріп, «күн шықпай жатып егістікке бола алатын», «әлсіреп шаршап түнде оралса да үйде таң атқанша диірмен тартатын», «демалатын кездері мүлдем жоқ» қазақ аналарының жанкешті еңбегіне бас мезіс!

Жалпы, Махмұтбай Әміреұлының балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарына сәйкес келген типтік ембрия. Сондықтан да «Әке» деген сөзді естімей өскен ақынның «Асыл ана» дастанындағы жаралы да қаралы күндерге арналған бөлімінен автордың өзін бөліп қарау мүмкін емес:

– Жұмылған жұмысына көпке еріп,
Елдегі қай істен де шеттемеді.
Бау тасып, отақ отап, егін егіп,
Біздер де ерте есейіп кеткен едік.

Ананың жұмыстағы соңына еріп,
Біздер де көп бейнетті көріп едік.
Мектепте бастауышқа оқысақ та,
Колхоздың мүшесіндегі болып едік.
Осы жолдарды оқып отырып ақынның ақын Мұқағали Мақатаевтың мына бір өлең жолдары ойға оралады:

– Бәрі есімде – мекен-жай, тұрағым да,

Тек есте жоқ, күлдім бе, жыладым ба?!

Балалық шақ жармасып жүретұғын,
Өгіз жеккен соқаның құлағында.

Қос ақынды да байланыстырып тұрған ортақ бір тақырып – қасіреті көп сұм соғыс. Осы отты жылдардағы балалық шақ, қиын күндер екі ақынның да жыр шумақтарында ұқсас болғанымен, екеуі де бұл тақырыпты өзіндік өрнекпен жырлайды. Мұқағали Мақатаев: «Аңыздардан тере жүріп масақты, Рас, рас, көзімізден жас ақты. Бірақ, со бір дауыл жылдар, от жылдар, Бәрімізден бір-бір батыр жаппасты» десе, Махмұтбай ақын:

– Бала боп ойынға бас бұра алмадық,

Достармен допты да көп қуа алмадық.

Ашқұрсақ болып күнде жүргенменен,
«Жасасың, партия!» деп ұрандадық.

... Қаһарлы кезең бұлттай қазандағы,

Бой тіктеп, ел еңсесін жаза алмады.
Темірдей қатал тәртіп тігіреткен,
Тұтас ел елестетті казарманы, – дейді.

Қасіретті жылдарда қайғыдан қабырғасы қайысқан аналардың ерлігі нақты мысалдар арқылы сомдалған поэмада «Ашыққан балаға уыс бидай алған аналардың түрмелерге түсіп жатқаны» да ашық айтылады. «Та-рығып, жабықса да сыр бермеген», «заптың бәріне төзген», «ерінбей еңбек етіп, мал өсіріп», тылда ерлік танытқан Отанға, елге деген еңбектері қаншалықты ерен болса, қайғы-қасіреттері де соншалықты терең әрі ауылдағы аяулы аналардың тегіс ұрпақты тәрбиелеген өнегелі істері дастанда кеңінен суреттеледі.

Соғыс тақырыбы – Махмұтбай Әміреұлы шығармашылығының басты тақырыбы, мәңгілік арқауы. Ақынның бұл тақырыпқа қалам тартпаған күні



сирек. «Асыл ана» дастанында да осы тақырыптың өзгеше қырына, ана бейнесі арқылы жырлануы – сұрапыл соғыс өшпейтін жара салған ақын жүрегінің жанайқайы екендігі шындық.

Осындайда мына бір оқиға еріксіз еске түседі. Ақын аға басшылық жасайтын облыстық «Сыр мектебі» газетінде еңбек етіп жүрген кезім. Бірде, Жеңіс күні жақындап қалған уақытта Ұлы Отан соғысы туралы жазған өлеңімді алып бас редакторға кірдім. Махмұтбай аға оқып шықты да, жүзі сұрланып, тұтығып кетті.

– Мынау не, мазағың ба? Адам Ұлы Отан соғысы туралы осындай өлең жазды ма екен? – деді ақын аға бір кезде жүзіндегі ашуын сабырға жөңдіріп, – Өлеңің жарамайды, асықпай жөндеп өкел.

Бас редакторымның мұндай мінезін бұрын көрмеген менің аздап көңілім құлазды. Осы уақытқа дейін жазған өлеңдерім мен мақалаларыма дәл бұлай сын айтып көрмеген ақын ағаға іштей ренжідім. Сол күні көңіліс жүрдім. Жұмыс уақыты аяқталуға жақындаған тұста Махмұтбай аға кабинетіне шақырды. Кабинетіне кірген соң, қарсы алдына отырғызып қойып, еңгімесін бастады:

– Сөңдер бақытты ұрпақсыңдар, – деді ақын аға, – Әкелерің жандарында жүр. Тыныш заманда ержетіп келесіңдер. Мен болсам Әміре өкемнің тұр-түсінің қандай екенін де білмеймін. Соғыс оты тұтанып жатқан жылы там салса керек. Сол үйдің төбесіне салған белағашына болашақ баласының атын «Махмұтбай» деп өз қолымен жазып кеттіңі. Әкем жайлы бар білетінім сол ғана. Бар ауыртпалық анамызға түсті... Осы 2009 жылы мәлімет бойынша Қызылорда облысында 470 майдангер ғана қалыпты. Тіпті, елімізде майдангерсіз ауылдар да бар екен...

Мен бас редакторымның кабинетіне ерекше тебіреніп, толқып шықты. Ақын ағаның жан жарасын ұғынып, ол кісіге бекер ренжігенімді тез-ақ түсіндім. Жұмыс үстелімде жатқан өзімнің жазған өлеңімді қайта оқып шықты. «Ұят-ай! «Өлең» деген құр аты ғана, негізінде не ұйқасы, не мағынасы жоқ шылдыр-шатпақ бірдеңе! Қолыма ақын ағаның жыр жинағын алдым да асығыс паракатты бастадым.

– Қан майданның жүрекке жарасы бар,

Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Аранызда жүретін алшан басып,
Майдангерлер, азиялбарасыңдар, – деп басталатын «Майдангерлер» атты көзіме оттай басылған өлеңін бір емес, бірнеше рет оқып шықты. Ақын аға өлгенде ғана мысалға келтірген 470 майдангер туралы жазған:

– 470 майдангер... Сақта құдай,
Қалай ғана жеткенбіз шаққа бұлай?
Қадау-қадау боп қана қалдыңдар-ау.

Қара ормандай қалқиған қарттары-ым-ай, – деген өлеңі де жүрегімді тебірентті.

– Майдангерсіз көбейді қалған ауыл,

Жүрекке де, бұл хабар жанға да ауыр

Ортасынан от пен оқ аман келген,
Қайда ата, қайда әке, қайда бауыр?

– деген жыр жолдарын оқығанда, ақын ағаның жанайқайын терең түсініп, жүрегім қанжылап, көзіме жас келді. Бейбіт өмірдің қадірін жете сезіне бермейтінімізді түсіндім. Ақын ағаның осы өлеңдерін оқығаннан кейін өлең деуге келмейтін шылдыр-шатпақ шимайым-мен ол кісінің жан жарасын тырпап қана қоймай, көңіліне қаяу салғанымға екіндім...

Ақынның «Асыл ана» дастанындағы өзімізге жақсы таныс осы оқиға баяндалған жолдарды оқығанда, бір емес, бірнеше рет көз тоқтатуға тура келді. Ақынның өмірлік мақсат-мұраты да осы жолдарда әдемі көрініс тапқан:

– Әлі де көңілімде көп арманым,
Әкемнің жүзін де анық көре алмадым.

Соғысқа кеткен сегіз айлығында,
Анам көп айтушы еді. Содан мәлім.

Күтті ме мен туғанда өлде үмітті,
Рүстембек жырауға ән салдырыпты.
Соғысқа, мәңгілік арқауы сүйіп,
Атымды үйге жазып қалдырыпты.

Әкемнің ақтадым ба аз мұратың,
Таптым ба көркем жыр мен сөз қуатын.

Басшы боп отыз жылдай басылымға,
Мың рет, миллион рет жаздым атың.

Анамның көрдім бұған қуанғаның,
Бұл да бір маған деген сыйы

Аппаның.
Білмеймін әке үмітін ақтадым ба,
Әйтеуір анық атын шығарғаным.

Әке мен ана алдындағы перзенттік парыз туралы мақаламыздың басында айттық. Есімі елге танылған ақын болып, Елбасының Жарлығымен «Ерөн еңбегі үшін» медалімен марапатталып, Жалағаш ауданы мен Қызылорда қаласының құрметті азаматы атанса да, жүзін де көрмеген әкесінің атын халыққа танытқанды бөрінен артық қояды қаламгер аға. Сұм соғыста хабар-ошарсыз кеткен әке атын шығарып, сол арқылы қайғыдан қан жұтқан анасына медет болуы – перзенттік парыздың өтеуіндей екені ақиқат.

Ерекше атап өтерлігі – ақын аталған поэмада анасының шыққан тегі мен келін болып босаға аттаған елін де жырға қосады. Бір құрсақтан тараған төрт бауырдың кейінгі тағдыры мен олардан тараған ұл-қыздардың да өмір жолын өлең тілімен жеткізіп, анасының алдында «есеп» береді. Асыл анасының рухымен сырласып, тебіренеді.

Поэмадың аяқталуы да ерекше өрілген. Автор тың төнеулер арқылы осы уақытқа дейін жүздеген ақынның қаламына арқау болған ана тақырыбына өзгеше өр береді. Анасы арқылы туған жерінің топырағын, жолдарын, Отанын, күллі адамзат баласын сүйеді, жақсы көреді. Туған жердің жыңғылы мен шеңгелін, тіпті, қарабарық отынын да сүюге даяр. Себебі топырағына анасының табаны тиіп, тау-тасында алақанының ыстық табы қалған. Бір сөзбен айтқанда, бәріне себепкер болып тұрған бір ғана жаң, ол – аяулы да ардақты ана. Осы жолдарға назар аударсақ:

... Сүйемін туған жердің топырағын,
Жан анам табанымен басқаны үшін.

... Сүйемін жыңғылды да, шеңгелді де,

Жан анам отын етіп жаққаны үшін.

... Көрінер қарабарық қашанда ыстық,
Жан анам отын үйін арқаалаған.

... Сүйемін ауылдағы жолдарды да,
Жан анам осы жолмен жүрді ой деп.

... Сүйемін сексеуілді құмда өсетін,
Жан анам отқа талай жақты ғой деп, – деп толқиды ақын.

Міне, қарапайым ғана, бірақ, нәзік төнеулер арқылы жүрек қылын шертіп, барлық нәрсенің бастауында ана тұрғандығын ерекше еспеттейді, адамзат баласы алдымен жарық өмір сыйлаған анаға қарыздар екендігіне айрықша екініс түсіреді.

Ана – мәңгілік тақырып. Ол туралы жазылар жыр-дастан да, өңгіме де таусылмақ емес. Ана тақырыбы бір кітап емес, талай томдарға арқау екендігі талассыз ақиқат. Ақын Махмұтбай Әміреұлының «Асыл ана» поэмасы – автордың анасы, яғни, бір ғана жанға арналғанымен, тұтас дәуірдің тарихын қамтыған, халқымыздың өмірінен ойып тұрып орын алған қасіретті кезеңдердің жүгін арқаалаған, бүкіл қазақ аналарының келбетін бейнелеген құнды шығарма.

Бұл поэма – қайсар қазақ аналарына жыр тілімен орнатылған теңдессіз ескерткіш.

Қорыта айтқанда, мынау байтақ әлемге анаға деген сүйіспеншілік, анаға деген махаббат көзімен қараған ақын жүрегі поэзиясүйер қауымды өлең өрнегімен әділдей беретініне сенеміз.

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ,
Мәскеу халықаралық
қаржы-өнеркәсіптік
университетінің магистранты,
Нұршайық ӘБДУӘЛІ,
философия ғылымдарының
PhD магистрі

Сот саласының майталманы

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуы жолында қалтқысыз қызмет еткен жандардың бірі – ҚР Заңгерлер одағының мүшесі Ақбала Тоғысова. Саналы ғұмырын бір салаға арнап, 40 жыл аудандық сотта абыройлы еңбек еткен ол 1959 жылы М.Шәменов ауылында дүниеге келген. Ауылдағы №34 орта мектепті бітірген соң Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан индустриялды педагогикалық техникумынан оқу шебері мамандығын алып шықты. Алғашқы еңбек жолын заң саласынан бастауды жөн санаған Ақбала Қалмаханқызы 1978 жылы аудандық сотқа жетекші маман болып жұмысқа орналасты. Өз мамандығын сүйген ол кейін Алматы қаласындағы Каспий қоғамдық заң университетін «Құқықтану» факультеті бойынша бітіріп, заңгер мамандығын алып шықты.



Аудандық сотта жүріп өзінің ынта-жігері мен қарым-қабілетін көрсете білген оны басшылық «Сот отырысының хатшысы» етіп тағайындады. Ол кезде бүгінгідей компьютер қайдан болсын, барлығын машинкмен, одан қалса қолмен жазып шығатын. Осынау дәуірде сот саласының қайнаған тіршілігіне араласқан Ақбала Қалмаханқызы барлық хаттаманы, соттың шешімін, соттың отырысына қатысушы барлық адамдардың өтінішін, қарсылықтарын, жауаптарын, түсініктемелерін уақтылы әрі сауатты жазып шығатын.

– Қызметімнің ең қиын тұстары кеңестік кезеңде етті. Неге десеңіз, сотта болған мән-жайды, үкімді, барлығын қолмен жазды. Бұл қыруар уақытты қажет етеді. Мәселен, күніне бір ғана сот отырысы болса жақсы ғой, кейде процесс көбейіп кетеді. Сот тарихынан белгілі, бұрын қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бір қазанда қайнап, соттар істің барлық түрін қарай беретін. Оның бәрін қарау, жан-жақты сараптау, тиісті заңына сәйкес шешім шығару қиындық тудыратын. Кейін сот саласы жетілдіріліп, мамандандырылған соттар құрылды. Сол кезеңде уақытпен санаспай жұмыс жасадық. Көп жылғы тәжірибемнен түсінгенім, әрбір маман өз қызметіне аса уқытылықпен қарап, жанашырлықпен жұмыс жасаса, көз көлген саланың дамуы жеделдейді. Сондықтан қазіргі жастар қай салада еңбек етсе де ең бастысы жауапкершіліктен қашпауы керек, – дейді сот саласының ардагері.

Білікті маман 1986-1995 жылдары бас маман-сот отырысының хатшысы, 1995-1998 жылдары бас маман-сот орындаушысы, 1998-2002 жылдары бас маман-сот отырысының хатшысы болды. Кейін бас маман қызметін атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қолға алған бұл қызметті де ұршықтай іріліп, қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз етуге еңбек сіңірді. Сот саласы түгелдей қайта жаңғырған кезеңде де бар күш-қайратын саланың дамуына жұмсады.

Кеңестік дәуірдері сот жүйесін көзбен көріп, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сот саласының жетілуіне сүбелі үлес қосқан ардагер 2018 жылы құрметті зейнет демалысына шықты. Бала кезінен заң саласында жұмыс жасауды армандаған Ақбала Қалмаханқызы өзінің алға қойған мақсаты орындалғанын айтып марқайды. Бүгінгі таңда жастарға ақыл-кеңесін айтып, мол тәжірибесімен бөлісіп жүр. Өңірде баспақ салмақты ардагерлерден құралған билер кеңесінің мүшесі ретінде ол қазіргі кезде азаматтық даулардың сотқа дейін шешілуіне, ел бірлігін нығайтуға атсалысып келеді.

Сот саласындағы ұзақ жылғы абыройлы еңбегі өлеңі, «Мінсіз қызметі үшін», «Сот жүйесінің ардагері» медалін кеудесіне тақты. Қызылорда облыстық сот төрағасының, Қызылорда облысы әкімінің, Жалағаш ауданы әкімінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Бұл ширек ғасырдан астам ғұмырын Сот жүйесінің өркендеуіне арнаған ардагердің еселі еңбегінің өленгені деп білеміз. Бүгінде ұлы Сақи Ғалым анасының ізін жалғап, сот отырысының хатшысы қызметінде. Жас болса да іскерлік қабілетін көрсетіп, жауапты саланы абыроймен атқарып келеді.

Аян АЛТЫНБАЕВ,
аудандық соттың кеңсе меңгерушісі,
облыстық судьялар одағының мүшесі

Жатқан жерің жайлы болсын, анашым

Өткен жылдың қараша айында ардақты анамыз Айшагүл Тәсілмұқызын қапыда айырылып қалдық. Бұл да, тағдырдың басқа салған сынағы шығар, оған сабыр қылмасқа пенде шіркінде амал болған ба? Бірақ бізге төлім-тәрбие берген аяулы анамыз ұл-қыздарының, немерелерінің жадында ұзақ уақыт сақталары сөзсіз.

Айшагүл Тәсілмұқызы 1952 жылы 20 шілдеде Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келген. Ауылдағы орта мектептен білім алған ол кейін Бұқарбай батыр ауылындағы Зәуребаевтар әулетіне келіп болып түседі. Жолдасы, біздің ардақты әкеміз Қойшыбай Зәуребаев екеуі 6 бала тәрбиелеп өсірді. 2008 жылы асқар тау әкемізден айырылып қалдық, бірақ ардақты анамыз Айшагүл бізге әкеңіз орнына әке болды, өзінің аналық мейірімін де қоса текті.

Қамшының сабындай қысқа ғұмыр деген осы шығар, сірә. Ардақты анамыз 2021 жылы 22 қарашада дүниеден өтті. Анамыз ортамызда болғанда биыл 20 шілдеде 70 жылдық мерейтойын қуанышпен атап өтер едік. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, аяулы ана.

Сен біз үшін дарасың һәм данасын,
Жақсылыққа баулып өткен баласын.
Жұмақ болып мәңгі мекен өзіңе,
Жатқан жерің жайлы болсын, анашым.

Еске алушылар ұл-қыздары, немерелері

4 ДИДАР

Бөбекжайдағы бір күн



Қуанса, бала қуансын

Бұл нысанды кезінде қараусыз қалған ғимарат деп кім ойлайды? 1985 жылдан бастап балабақша ретінде ауыл халқына қалтқысыз қызмет етті. Кейін тәуелсіздік алған жылдары штат мәселесі қолбайлау болып жұмысын тағы тоқтатты. Тәуелсіздіктің алғашқы тоқырау жылдарында да ғимарат қараусыз қалды. 1994 жылы аудандық білім басқармасына өткен бұл нысан сатылымға шығады. Ғимараттың кейінгі егесі балабақшаны сүрудің қамына кірісіпті. Халық қалаулысы, туған жердің төл перзенті Имамзада Шағыртаевтың да араша түскен тұсы осы. «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы оны шаруашылық қаржысына сатып алып, қайткен күнде де бұған дейін елге қызмет еткен балабақша жұмысын қайта жандандыруды көздеді. Өйткені аядай ауылда бір балабақшаның жоқтығын және бұл халықтың көптен бергі талап-тілегіне арқау болған мәселе екенін жақсы білетін.

Не керек, шаруашылық төрағасы бұл мақсатына да қол жеткізіп, халқының ықыласына бөленді. Бірақ оңай болған жоқ, алдымен нысанды 2014 жылы шаруашылық меншігіне алды, сол тұста таяз ойлылар мұны өз көсібіне жаратады деп түйді. Бірақ соңында баққаны бақа болып шықты. 2016 жылы Имамзада

Шағыртаев бұл нысанның күрделі жөн-деуіне 150 млн теңге қаражат бөлді. Екі жылда жүрген сапалы құрылыстың нәтижесін қазір көрген көз сүйсінеді.

90 орындық «Таң бөбегі» бөбекжайы бүгінде дәл бұрынғысына ауыл халқына сапалы қызмет етіп жатыр. Қазір Таңда балабақша мәселесі түбегейлі

шешімін тапқан. Бұл бөбекжайда 1 жас-тан 6 жасқа дейінгі 90 бала тәрбиеленуде. Аптаның бейсенбісінде мұндағы тәрбиешілердің бір күндік жұмысымен таныстық. Бөбекжай меңгерушісі Жеміла Сәдуава әлі де Имекең басқаратын шаруашылық тарапынан жан-жақты қолдау болып жатқанын жасырмайды.

— Өздеріңіз көріп тұрғандай, жаңа нысан жұмыс жасауға жайлы. Ешқандай мәселе жоқ. Себебі әлі күнге дейін «Таң ЛТД» ЖШС бізге жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Тіпті өздерінің күзгі науқандарында біздің тәрбиешілерді, үлгерімі жақсы балаларды марапаттауды да күн тәртібінен түсірген емес. Бұл біздің жұмысымызға шабыт береді. Қазір мұнда ауылдың 90 баласы тәрбиеленуде. Таңда қазір балабақша тапшылығы мүлде жоқ. Оған осындағы жергілікті шаруашылық арқылы қол жеткіздік. Балаларға 3 мезгіл ас беріледі. Жатын бөлмелері де жарақталған, — дейді бөбекжай меңгерушісі.

Жеміла Сәдуаваның сөзінде еш жалғандық жоқ. Расында солай, өйткені біз де бұл нысанның әр бөлмесін аралап шыққанбыз. Шынында барлық бөлме талапқа сай жарақталған. Балалардың ой-өрісін дамытуға арналған ойыншықтардың да түр-түрі бар.

Бөбекжайда «Болашақ», «Балдау-рен», «Айгөлек», «Балдырған» және «Құлыншақ» атты 5 топ бар. «Ән», «Би» үйірмелері де мұндағы балалардың бос уақытын қызықты өткізуге қолғабыс болып отыр. «Таң бөбегінде» бас-аяғы 24 адам жұмыс жасайды.

— Өзім — осы ауылдың тұрғынымын. Шыны керек, бөбекжай жұмысын бастағанға дейін ауылда балабақша мәселесі болды. Балаларымыздың біз жұмыста болғанда бос уақытының тиімді өткенін қалаймыз. Өзім де баламды осы бөбекжайға беремін. Мұның бір тиімділігі балалардың ой-өрісі дамиды, ортамен тез тіл табысуға бейімделеді. Уақыт өткен сайын мұның барлығын өзімің бадамның да бойынан бақып жатырмын — дейді ата-ана Айгүл Төлегенова.

Халық қалаулысы Имамзада Шағыртаев бұл нысанға қыруар қаржы бөлгенде не ұтты? Біріншіден, халықтың ризашылығына бөленді, екіншіден бұл ауыл балаларына үлкен сый болды. Бір жағынан қаншама ауыл тұрғыны жұмысқа орналасты. «Қуанса, бала қуансын» деп әлі де оларға жақсылық жасауды жадынан шығарған емес. Таңда болған бір күнде ауыл балаларының Балалар жылын шын сезініп жатқанын көріп қайттық.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Ойғаразы

Бала көңілі қашанда қуанышты және тосын сәттерді күтеді. Өйткені табиғаты таза бүлдіршіндердің арманы қиялының кеңістігімен ұштасып жүреді. Баланы қуанту үшін қымбат дүниенің керегі жоқ, тек тосыннан әрі ол үшін қызықты болатындай ерекше сыйды таба алсаңыз болғаны. Бірақ бала шыбық сияқты болатының, қалай қарай бағыптасаң, солай өсетінін есте сақтаған жөн. Бұл бір-ақ ауыз сөз болғанымен ауқымы кең, астарында терең мән жатыр. Түсінсеңіз, бала тәрбиесіндегі әрбір іс әрекет бала болашағының бүгіннен бастап қаланып жатқан негізі. Сондай нәзік әлемнің бағбаны болу қиын, ал көшіккен тәрбиенің негізін қайта қалыптастыру одан да қиындық тудырады. Сондықтан бала тәрбиесінде әрбір ісіңізге есеп беруді, мән беруді, артын ойлауды әдетке айналдырыңыз.



Балаға қандай сыйлық жасайсыз?

Жоғарыда айтып өткеніміздей, балалар туған күніде, мереке күндеріндегі сыйлықтан бөлек себепсіз-ақ сыйлық алғанды, ұнатқанына қол жеткізуді қалайды. Бала үшін өмір сүріп жүрміз дейтін кез келген ата-ана перзентінің арманындағы сыйлығын аузынан қағып алғандай етіп, есті сала әкеліп беріп жатады. Ал кей ата-ананың бұндай ерлікке жағдайы жете бермейді, яғни қалтасы көтермейді. «Баланың көп сыйлық талап етуінің сыры неде? Бұл мәселені екі жаққа тиімді етіп қалай шешуге болады?» деген сұрақтар төңірегінде әлем психологтарының кеңестеріне шолу жасап көрген едік, төмендегідей ескертін жайттарға көңеліміздік.

Алдымен балаға сыйлық аларда алатын заттыңыздың сыртқы бейнесіне, сапасына және қажеттілігіне, қолдану уақытығына қарай мән берген дұрыс. Мұнан кейін ескерілуі керек ол баланың мінез-құлқы. Көбінесе сыйлықтар ата-ана үшін баласының мінез-құлқын түзету тәсіліне айналып кетеді. Егер ол келісімдерді орындаса немесе жақсы оқитын болса, онда бір айдың немесе тоқсанның соңында ол қалаған гаджетін немесе басқа сыйлығын алады. Осының нәтижесінде, бала өзінің көз келген әрекеті үшін сыйақы алғысы келеді, үнемі жаңа марапатты талап ететін болады. Мұның салдары баланы орынсыз көтерімелеудің соңы айтпаса да белгілі. Мұндай типтегі балалар өзгенің пікірімен санасудан гөрі

өз дегеніне жетуді ғана мақсат ететін болады. Ал ата-ана үшін перзентінің бірбеткей, қырсық болғаны бүлдіршің кезінде сүйкімді еркінлікке ұқсап көптенгенімен, ержетіп не бойжеткенде көптеген қиындықтарды тудырады.

Бар нәрсені пайдалана алмаудың да көрі әсері көп-ақ. Жаңа ойыншық жаңа тәжірибелер мен жаңа мүмкіндіктер беретіндігімен құнды. Бірақ бұл әсер тез жоғалады. Өзінде бар нәрсемен немесе ойыншықпен ұзақ ойнамайтын, одан ләззат ала алмайтын бала үнемі жаңа затты талап ететін болады. Тез жалғыу, тұрақсыздық, қанағатсыздық та бұндай балаларға жат қылық болмай қалады. Сондықтан қазақтың бала тәрбиесіндегі ең маңызды кеңесі — ұлға да, қызға да барды да, жоқты да сезіндіріп, көрсетіп тәрбиелеу керек. Яғни бұл сөздің астары балаға ылғи да қалағанына қол жеткізе беруіне жәрдем бермеудің де тәрбиелік мәні барын ұғыну. Ата-аналар осыны түсінуі керек. «Балам кімнен кем, оған айтқанының бәрін алып бермесем, несіне жүрмін?» деген сияқты қате пікірді ұстаным етпеуі керек. Балаға жаңың ашыса, жаңың ашымасын деген екен. Ендеше өмір қатыгездікке де душар ету мүмкін. Сол себепті балаңызға мейірім мен қатар қатаң мәмілені де сезіндіріңіз.

Сарапшылардың айтуынша, таусылмайтын арман, көзіне түскеннің барлық иемденгісі келетін ұмтылыс — баланың қалпыты даму кезеңдерінің

бірі. Бала өзі құралпы балалардан өзінде жоқ нені көрсе де сол нәрсені алғысы келеді. Ал өзіндегі өзгенікінен де құнды ойыншығына не қандай да бір тұтынатын затына керексіздей қарайды. Бұл — табиғи заңдылық. Бірақ сіз дегеніңіз бәрін алып бере бермеуіңіз мүмкін ғой. Мұндай жағдайда баланың өзіндік әрекетіне үңіліңіз. Егер ол қалағанына қол жеткізбесе ашуға булығып, тілазарлыққа салына бастаса, онда сіз тәрбиеден көшіктіңіз дей беріңіз. Өйткені бала тәрбиесінде «Өз қалауларына келгенде де ұстамды болу» деген негізді бойына сіңірмегенсіз. Тілі шықпаған балаңыздың сауағсымен көрсеткен әрбір нәрсесін алып беріп, тым еркелетіп жібергеніңізді еске алыңыз.

Ерөкпеліңізді сараланыңыз, ереже орнатыңыз. Осы кеңестердің берері көп түсінсеңіз. Әркез ережемен, дағдымен өмір сүруге үйретіңіз ұл-қызыңызды. Ата-аналар жіберетін тағы бір қателік — баланы материалдық жағдаймен көтермелеу, марапаттау. Мәселен, балаңыз жақсы жетістікке жетті делік. Енді сіз қуанғаныңыздан оған уәде бердіңіз, қалағанын алып беруге. Бұл — үлкен қателіктердің бірі. Ешқашан баланы материалдық тұрғыдан көтермелеуге, сол ретте мотивация беруге болмайды. Ынталандыру керек болса, жетістіктерін айтыңыз, болашақтағы берер әсерін көрсетіңіз, түсіндіріңіз, мадақтаңыз. Осының өзі оның саналы түрде жетістіктің жемісі

жарқын болашақ кепілі екенін түсіне бастайды. Ең бастысы зат емес, оған жақсы көңіл-күй сыйланаңыз. Бала үшін алған сыйлық емес, сізбен өткізген уақыты құнды екенін дәлелденіңіз. Оған көңіл бөліңіз, бірге уақыт өткізіңіз, не айтқысы келгенін тыңдаңыз. Өрине балаға сыйлық сыйлауға болмайды деген сөз емес. Бірақ барлық нәрсенің ретімен болғаны, өмірдің дұрыс арнада қалыптасуының алғышарттары екенін естен шығармаңыз. Сыйлық сыйланса, жоғарыдағы кеңестерді ескеріңіз, балаңыз оны қадірлей алатындай тәрбие беріңіз.

Айта кету керек, бала тәрбиесінде ата-аналар тарапынан кетіп жататын қателіктердің қатарында көп көңіл бөлмеу де бар. Осындай қарбалас тіршіліктен тұратын өмір бала мен ата-ананың арасын алшақтатқан секілді. Таң атысымен күйбеңмен кеткен әкешеше қас қарайғанда сілепелі үйге келеді. Мұндай жағдайда балаға көңіл бөле қоюы екіталай. Бірақ қанша шаршасаңыз да уақыт тауып, баланың күні бойы не істегенін, сабаққа үлгерімі қалай екенін, әлеуметтік желіде қанша сағат отырғанын сұрап, азын-аулақ баламен байланыс орнатқан дұрыс. Әсіресе бүгінгі таңда әлеуметтік желінің әлегі көп болып тұр.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Тылсым табиғат

Қырық күн шілде

Қазақта табиғатпен байланысты амалдар көп. Әр айда орындалатын бұл амалдардың барлығы тылсым табиғаттың сырларымен үндесіп жатыр. Біз осыған дейін де қыс, көктем айларындағы амалдарға шолу жасаған едік. Енді шілде айы дегенде "қырық күн шілде" деген тіркестің қосарланып жүруінің сырын іздеп көрдік.



Ырымдардың өзін былай қойғанда, қасиетті деп саналатын сандар қатарындағы қырық санының қасиеті ерекше және бұл санмен көп нәрсе байланысты. Нәрсені "Қырық қасық суға шомылдыру", "Қырқынан шығару", "Қырқын беру", "Қызды қырық үйден тыю" сияқты тіркестердің мағыналары әрқалай болғанымен, қолданылып тұрған сан бірдей. Бірақ біз осылардың бәрін жастайымыздан құлағымызға сіңіріп өсекте, олардың шығу тегіне, қолданылу ерекшеліктеріне тереңірек үңіле бермейтініміз бар. Қырық санының қасиеті туралы газетіміздің өткен сандарында мақала жазған едік. Енді бүгінгі мақаламызда да осы киелі санмен байланысты амалға тоқталмақпыз.

Жалпы шілде сөзінің түбірі парсы тіліндегі «чиһал чиһил» сөзінен шыққан. Чиһил парсыша «қырық» деген сөзді білдіреді. Өсімдіктерден жұпар иіс аңқып, аптап ыстықтың күш алатын кезі де осы жаздың бел ортасы, шілде айы. Айдың шілде деп аталуына 25 маусым мен 5 тамыз арасы, яғни күн райының өте ыстық кезеңі, аптапты күндерге байланысты. Халық арасында бұл амалды «қырық күн шілде» атауы себеп болғандай. Бұл күндерді "Ұлы шілде" дейді. Шілденің аңызға, аптап күні "күн шіліңгір". Шілденің ыстығы көлесі айдың 15-16-сы шамасында Үркердің қайта тууымен бітеді. Шілдедегі ауа райы жиырмасынан ары қарай таразының тууымен беті қайта бастайды. Сол себепті халық арасында "Таразыда таң суыды" деген тәміл қалыптасқан. Қырық күн шілде халық арасында "Суыр" деп те аталады. Сұмырай деген сөз суыр айы деген мағынада. Содан халық "Сұмырай келсе, су құриды" деген. Яғни шіліңгір шілде басталса, құрғақтылық артатындығын осылайша мензеген. Шілденің тағы бір көне атауы — асад. Үркердің толғағымен байланысты бұл амал шілденің ортасында орындалады.

Ғаламтор бетінде де осы айға қатысты қызықты, тың деректерді көптеп кезіктірдік. Мәселен, халықтың таным-түсінігінде шілде айының алғашқы он күнінде таңертең шөл басы құрғақ болса, түнде жаңбыр, күн күркірі жаңғыра естілсе, нөсер, ал түнгі шық көлпесе, найзағай жарқылың, шық қалың түссе, аспанның шайдай ашыларың, өткіңші жауыннан кейін кемпірқосақ солтүстіктен оңтүстікке тар-тылып, қанық қызыл түске боялса, жаңбыр жауауын күтуге болады. Осы айдың екінші он күнінде көкек шақыруын тыймаса, жаздың ұзақ, ағаш жапырақтары сарғая бастаса, күз бен қыс ерте түсерін біле бер. Аптап басталатын айдың үшінші он күнінде күн райы ыстық болса, алдағы желтоқсан сонша суық, қымыздық бітік шыққан болса, қыс жұмсақ болмақ. Жаздың ортасы, жер құрғап, шөптің буыны қатып, сарғая бастаған, малжанға жайлы кезең — «Үркердің толғағы» аталатын амал болып есептелген. Жаз ортасы ауып, шілденің аяқ кезі мен тамыздың бас кезіндегі ми қайнатар аптап ыстық салдарынан шөл құарып, жапырақтар мен өсімдік сабақтары сола бастаған, тамыз айын халық арасында «Сарша тамыз» деп те атаған. Сондай-ақ халық, тамыздың бірінші жартысын — лақ сүмбіле, екінші жартысын — теке сүмбіле деп атаған.

Сондай-ақ қазақта «Әр бала туған сайын анасының бір тісін алады» деген сөз бар. Анығында жас босанған әйелдердің тісі түсіп қалатыны бар. Мұны «шілде қаққан» дейді. Бұл жас ананың өз күтіміне де, денсаулығына да байланысты болады. Сонымен бірге қазақы ырым бойынша жас босанған келіншек итке «кет» демейді, олай болған жағдайда тісі түсіп қалуы мүмкін деген сенім қалыптасқан. Негізгі халықтың тектілігі осында болса керек, табиғаттың тылсым сырларын ұғып, шаруа тіршілігін соған қарай ыңғайлайтын. Кез келген ырым-тыйым, дәстүрдің астарында тек қазаққа ғана тән ерекшелік, тектілік жатыр.

Нұр НАУАН



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас редактор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қолжетімділігіне 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Коллажаблар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1169

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ